

**«Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы
бойынша әдістемелік кеңестің
Хаттамасы № 9**

5 қыркүйек 2023 жыл

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатымен таныстыру.

2. 2023-2024 оқу жылдарындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру кешенді жоспарымен таныстыру.

М.Калиева: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша айтып өтсем, дербес балаларды дамыту, олардың денсаулық және әлеуметтік жағдайларын жіті бақылауға алу-әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы орта құру. Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру. Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру. Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу. Баланың мектепке оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық-әлеуметтік дайындығын қалыптастыру, міне осы бағыттарды қамтиды. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда:

- ойын арқылы оқыту

- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Жылдағыдай осы бекіттірген перспективалық жоспар, циклограмма, баланың жеке даму картасын әр балаға толтырасыздар.

Қыркүйек айында: «Тіл ел тірегі» ересек топ тәрбиешісі Л.Нұртаза, «Ана тілім-айбыным» ортаңғы топ тәрбиешісі Л.Турегалиева танымдық іс-әрекет өткізеді.

2 мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылдарындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жөніндегі кешенді жоспары» туралы таныстырып өтсем.

Жоспарға сәйкес іс-шаралар ұйымдастыру, 9 айға бөліп, жоспар құру.

1. Қыркүйек - Білім айы

2. Қазан - Алаш азаматтарын ұлықтау айы

3. Қараша - Поэзия айы

4. Желтоқсан - Қазақстан ұлы дала елі

5. Қаңтар - Ұлттық код айы

6. Ақпан - Оқуға күштарлық айы

7. Наурыз - Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу

8. Сәуір - Экологиялық мәдениет айы

9. Мамыр - Бейбітшілік пен татулық айы.

Бағдарламаның мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, Отаншыл мен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жауанкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалағына баулу.
 5. Табиғатқа, еңбекқорлыққа баулу.
- Осы республикалық жоспарды басшылыққа алып, балабақшамыздың «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жөнінде» өз жоспарымызды құруымыз қажет.

Шешім етеді:

1. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынып, балаларды оқу мен тәрбиелеуде пайдаланылсын.
2. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» балабақшаға арналған кешенді жоспары жасалынсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: *Г.Н. Абишева* Абишева Г.Н
Хатшы: *А.К. Жанелова* Жанелова А.К

«Қарауылкелді» бөбекжай –балабақшасы» бойынша әдістемелік кеңес

Хаттамасы №10

6 қараша 2023 жыл

Күн тәртібінде:

Қазан, қараша айларында жасалған жұмыстар

Калиева.М, Нұртаза.Л: «Қарттарым-асыл қазынам!», «Мың алғыс, саған ұстазым!», «Менің елім-Қазақстан», «Күз ханшайымы мен ханзадасы» сайысын өткіздік.

Биылғы оқу жоспары бойынша ай сайын іс-шаралар өткізіліп отырады.

Балалар толық қатысып, марапатталып, номинациялар алды.

Серікбаева.А, Турегалиева.Л: «Ұстаз-ұлы есім!», «Алтын күз» ертеңгіліктері өткізілді.

Жанелова.А, Сағындықова.А, Тынымжан.М : кіші топта «Алтын күз» ойын-сауық, «Қазақстаным-егемен елім» буклет дайындалып, түсінік берілді.

«Ертегі бізде қонақта» ертегі сахналанды.

Жанелова.А : Ересек топтың өткізілген мерекелік шаралары, танымдық іс-шара сайысы «өте жақсы» ұйымдастырылған. Ол топта өткізілген кез-келген ұ.і.ә, шаралар үлкен дайындықпен, ізденушілікпен өткізіледі. Өзіме қатты ұнады.

Серікбаева.А : «Күз ханшайымы мен ханзадасы» керемет ұйымдастырылған, балалар әр турға үлкен дайындықпен, қызығушылықпен дайындалған, ұнады.

Жубашева.Э : Ересек топта, ортаңғы топта өткізілген іс-шаралар өте жақсы өтті. Өзіме ұнады.

Қарасаева.М психолог : Барлық өткізілген іс-шара мерекелік кештер ұнады. Жақсы өтті.

Әдістемелік кеңес шешім етеді:

Ортаңғы топта өткізілген «Менің Отаным-Қазақстан» ертеңгілігі, кіші топта «Ертегі бізде қонақта» ертегі сахналауы.

Ересек топта «Менің елім-Қазақстан» танымдық іс-шара,

«Күз ханшайымы мен ханзадасы» сайысы

«өте жақсы» деп бағалансын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

 Г. Абишева

Хатшы:

 А. Жанелова

«Қарауылкелді» бөбекжай –балабақшасы» бойынша әдістемелік кеңес

Хаттамасы №11

31 қараша 2024 жыл

Күн тәртібінде :

Қаңтар айында музыка жетекшісі, логопед, психологтың ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері

1. Музыка жетекшісі Э.Жубашева «Сиқырлы әуендер» ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті
Мақсаты: Балаларды музыка әуендерін айыра және тани білуге дағдыландыру.

Сөйлеушілер:

Турегалиева.Л : Эльвираның сабағы өте ерекше болды. Барлық тапсырмаларды балалар орындап, керемет өтті.

Кеңесбаева Ақмаралдың ұ.і.ә-де ұнады, балалар артикуляциялық жаттығуларды қызығып жасады. Бір-біріне көмектесті.

Психолог Қарасаева М: Ойын-сабақтың басталуы жақсы басталды.

Терапияларының бәрі де керемет. Балаларға түсіндіріп айтуым керек еді.

Балалармен байланысу нашар. Қандай бұрыш деп сұрағаннан гөрі, геометриялық пішіні деп сұрау керек едім.

Нұртаза. Л : Эльвираның сабағы ерекше, өте жақсы. Барлық тапсырмаларды балалар орындап, қызығушылық танытты.

Психологтың ойын-сабағында терапиялық туралы балаларға тақтаға өзің көрсет деп алу керек едің. Күнді, шыршаны тақтаға іліп, өзің түсіндіріуің керек. Балаларға ермексазбен, рожкимен, гуашпен бояп, түсіндіру керек. Балалар дайын тұр, өзін дайын емессің. б терапия, сол үшеуінен соң сергіту сәтін өткізу керек еді.

Құрылымы жақсы, сабақта байланыс жоқ, Балалар жалығып кетті. Сергітудің қимылын көрсеттің, бірақ жүрген жоқсың. Өзің сабақты көрсете алмадың.

«Жақсы» деп бағалаймын.

Кеңесбаева.А : Музыка сабағы ерекше болды, аспаптармен өткізілді. Балалармен бірге өзіме де қатты ұнады. «Өте жақсы» деп бағалаймын. Мирамгүл апайдың сабағы, көрнекілігі жақсы. Бала үнін тыңдау керек еді, бала еленбей қалды.

Әріптестеріме қосыламын, «жақсы» деп бағалаймын.

Калиева.М : Құстардың дауысын салғаны ұнады. Музыка сабағы жаңа форматта өткізілді. Балаларға қызықты болды. Бізге де рухани демалыс сыйлады.

Серікбаева.А : Музыка сабағы» өте жақсы» өтті. Психологтың ойын-сабағында өзі шашыраңқы тұрды. Көңіл аудардың, әттеген-ай деген жерлері көп болды. Өзің артында тұрып, балаларға ыңғайсыз болды. Сергіту сәтін ұзактау болды. «Жақсы» деп бағалаймын. Ақмаралдың сабағы ұнады. Балалар қызығушылықпен жаттығу жасап, сабаққа қатысты. Жақсы өтті.

Абишева.Г : Психологтың ойын-сабағында « тас терапиясын» жерге тастап,

тапсырмаларын жасатқанда, жақсы болар еді. Сабақтың құрылымы жақсы құрылған. Бірақ шашыраңқы болып, кейбір балаларға көңіл бөлінбей қалды. Бірақ балалар өздері тапсырмаларды орындады, қате көп. Балалармен тығыз байланыста болу керек. Көбірек іздену керек.

Тынымжан.М : Сабақ ұнады. Тастармен, түрлі-түсті стакандармен жұмыс болғанда балалардан сұрап, жерге жасаса болатын еді. Қыс мезгіліне байланысты.

Калиева.М : Әріптестеріме қосыламын. Миға шабуыл жасау керек еді, жүйе жоқ. Көп жұмыстану керек.

Кеңесбаева.А : «жабайы аңдар» ашық ұ.о.і ә-де мақсатыма толық жеттім. Балалар сабаққа қатысып, толық жауап беріп, жаттығуларды орындады.

Турегалиева.Л : Ақмаралдың сабағында сәлемдесу, дауысқа жаттығу, артикуляциялық жаттығулар, релаксация жасалды. Балалар орманға келіп жасағанда деп ойладым. Сергіту ретінде болса деп айтамын.

Серікбаева.А : Қай уақытта да Ақмаралдың сабағы жақсы болады. Өзін-өзі ұстауы, балаларды тартуы, қызықтыра біледі. Жақсы деп бағалаймын.

Нұртаза.Л : Сабақ жаттанды емес, балаларға қыс туралы салыстырды, сұрақтары ұнады. Бетімізді шымшымыз, аязды осылай түсіндірді. Баланы тыңдай біледі. Расина тапсырма кезінде не сезінгенін (құлағымды қытықтады деп) жауап берді. Нұрیمانға көңіл бөлінді. Қар үрлеу, сабақ жаттанды емес, қар туралы балаға қолына ұстатып, көрсетті. Аңдар туралы айтылды. Баланың жауап беруін күтті. «Өте жақсы» деп бағалаймын.

Калиева.М : Ақмаралдың сабағы басынан аяғына дейін кремет өтті, «өте жақсы» деп бағалаймын. Қай сабағы болса да керемет, жақсы өтеді.

Карасаева.М : Ақмаралдың сабағындағы жаттығулар ұнады. «Өте жақсы» деп бағалаймын.

Абишева.Г : Ақмаралдың сабағы өзіме ұнады. Құрылымы жақсы құрылған. Мақсатына толық жетті деп айта аламын. Балалар берілген тапсырмалар мен жаттығуларды қызығушылықпен орындады. Расина, Хан тапсырмаларды орындап, қуана артикуляциялық жаттығуларды жасады. Нұрیمانға көңіл бөлініп, тапсырманы орындауға керек кезінде көмектесе білді. Бала үні тыңдалды. «Өте жақсы» деп бағалаймын.

Әдістемелік кеңес шешім етеді:

Қаңтар айының 31.01.2024ж өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері

1. Музыка жетекшісі Э.Жубашева «Өте жақсы»
2. Логопед А.Кеңесбаева «Өте жақсы»
3. Психолог М.Карасаева «Жақсы» деп бағалансын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

 Г. Абишева

Хатшы:

 А. Жанелова

«Қарауылкелді» бөбекжай –балабақшасы» бойынша әдістемелік кеңес

Хаттамасы №12

23 ақпан 2024 жыл

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Ақпан айының 05.02-23.02.2024ж аралығында «Балабақша, ата-ана, тәрбиеші бірлігі-саналы ұрпақ кепілі» атты Ашық есік апталығы

Тыңдалды: балабақша әдіскері: Г.Абишева: Құрметті әріптестер! Ақпан айында жоспар бойынша 05.02-23.02 күндері аралығында топтарда «Балабақша, ата-ана, тәрбиеші бірлігі-саналы ұрпақ кепілі» атты ата-аналардың қатысуымен Ашық есік апталығы өткізіліп, бүгін аяқталып отыр. Биыл өзгеше түрде ұйымдастырылды.

1. Дүйсенбі күні-құндылығы- «Достық пен мейірімділік»
2. Сейсенбі құндылығы- «Жалпыадамзаттық құндылық»
3. Сәрсенбі құндылығы- «Кітап- білім бұлағы»
4. Бейсенбі құндылығы- «Мен оқыған ертегі»
5. Жұма құндылығы- «Денсаулық пен тазалық»

Кіші топта 5.02-09.02. аралығында тәрбиешілер А. Жанелова, М. Тынымжан, А. Сағындықова өткізді. Ата-аналар өте аз қатысты. Ата-аналарды балабақшада өткізіліп жатқан Ашық есік күніне толық қатысуға жұмыстанайық. Топтағы ата-аналардың жұмыс жағдайларына қарай, әр күнге 5 ата-анадан шақырып, барлық баламен күні бойғы бір күндік оқу-тәрбие, ойын түрлерін, ата-аналар көре білді және ойын түрлерімен өздері ойнады.

Ортаңғы топта 12.02-16.02 күндері аралығында тәрбиешілер Л. Турегалиева, А. Серікбаева өткізді. Ата-аналарды толықтыру керек. 19.02-23.02 аралығында ересек топта тәрбиешілер Л. Нұртаза, М. Калиева өткізді. Логопед А. Кеңесбаева, Э. Жубашева ү.і. әрекеттерін көрсетті. Әр күнге 5-5-тен 25 ата-ана толық қатыстырылды. Әрі қызықты, бір күн-бір күннен өзгеше болды.

Сейсенбі күні ата-аналар өздері балалардың тамақтарын құйып, балалармен бірге кезекші болды.

Сәрсенбі күні «Кітап-білім бұлағы» мобильді кітапхана ертегілерді Q кодпен тыңдады. Ертегі кейіпкерлерінің суреттерін балалармен бірге бояды.

Бейсенбі күні «Мен оқыған бір ертегіде» бәрі бірге ертегіні кейіпкерлендірді. Балаларға қызықты болды.

Жұма күні «Әжемнің жеті шелпегі» балалар әжелерімен бірге ашық есік апталығына қатысып, апталық қорытындыланды. Алдағы уақытта бала тәрбиесінде жақсы ұ.о.і шараларды ізденіп, шығармашылықпен өткізе берейік. Кезек өздеріңізде.

Сөйлеушілер: Кіші топ тәрбиешілері: А. Жанелова, М. Тынымжан, А. Сағындықова: Біз дүйсенбі күні «Достық пен мейірімділік» өткіздік.

Тақырыбымыз: «Дос болайық бәріміз»,

Сейсенбі күні :«Әдептілік әліппесі» деп алып, шаттық шеңбері,үстел-үсті ойыны ойнатылды.

Сәрсенбі күні :«Қызықты кітаптар шақырады» тақырыбында кітапханаға саяхатқа бардық.Кітапханашының кітаптар туралы кеңестері тыңдалды.Ертегі тамашаладық.

Бейсенбі күні :«Мен оқыған ертегісінде» «Қызыл телпек» ертегісін оқып бердік,көлеңке театры арқылы сахналадық.Сергіту сәті жасалды.

Жұма күні: «Денсаулық пен тазалық» тақырыбында денешынықтыру ,жалпы жетілдіруші жаттығулар , «Қоянға көмектесейік», «Маған қарай жүгіріңдер» кимылды ойындары ойнатылды.

Ортаңғы топ тәрбешілері: Л.Турегалиева,А.Серікбаева: бір аптаға арнап, бес күн бойынша Ашық есік апталығы өткізілді.Ойындар ойнатылып, ертегі «Мақта қыз бен мысық» сахналанды.кітапханаға саяхатқа шықты. Кітап түрлерімен танысып,кітапты жыртуға болмайтынын,ұқыпты ұстау керектігі , беттерінің шетін мыжырмау,бүктемеу керектігі туралы мәліметтер алды. Ата-аналар риза болып, рахмет айтты.

Әдістемелік кеңес шешім етеді:

Ақпан айының 05.02-23.02.2024ж ұйымдастырылған «Балабақша,ата-ана,тәрбиеші бірлігі-сапалы ұрпақ кепілі» атты ашық есік күні

«Кіші топта» - «жақсы»

«Ортаңғы топта» - «жақсы»

«Ересек топта» - «өте жақсы» -деп бағалансын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

 Г. Абишева

Хатшы:

 А.Жанелова

Қарауылелді «бөбекжай» балабақшасы бойынша әдістемелік кеңес
Хаттамасы №13

20.03.2023

Тақырыбы: 8 наурыз, 22 наурыз мерекелеріне дайындық

Комиссия мүшесінің төрайымы: Әдіскер Г. Абишева.

Психолог Карасаева. М.

Хатшы: А. Жанелова.

Қатысқаны: 13 педагог

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Күн тәртібінің орындалуы.
2. Мерекеге орай іс-шара жоспарын құру.
3. 8-наурыз халықаралық әйелдер күніне ертеңгілік сценарийін жоспарлау.
4. 22-наурыз мерекесіне дайындық.

Сахналық ойындар арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.

Тыңдалды: Әдіскер Г. Абишева. Құрметті педагогтар! Наурыз мерекелеріңіз тағыда құтты болсын. Жоспарды қарап отырсақ, наурыз айында атқарылатын іс-шаралар көп, жан-жақты келісе

отырып, тәрбиеленушілердің қызығушылығын, танымдық қабілетін арттыратын қызықты іс-шараларды ұйымдастыруымыз қажет. Балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп жағымды көңіл-күй сыйлап, ән, би үйретіп, балаларды қызықтыра білуіміз қажет. Ол үшін тәрбиешілер ізденісте болуы қажет., себебі баланың жан-жақты қызығушылығын арттыру үшін педагог өзінің жұмысына шығармашыл болу керек. Тәрбиеші жаңашыл, білімді, іскер болуы керек, -деп атап өтті:

Сахналық ойындар арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту атты баяндама А. Серікбаева оқып берді. Ересектер тобында балаларды көрмедік, бейнелік айшықтың амалдарына үйретуге жол ашылады. Осы жаста сахнаның әр түрін пайдалана отырып ұйымдастырылған іс-әрекеттің үзінділерінен балаларды әңгімелеуге үйретуге болады. Қарапайым әңгімелерден де кереметтей сахналық көрініс жасауға болады. Саханада жүру, сөйлеу, тұру, өзін-өзі білу, сыйлау мәдениетіне үйренеді. Рөлді атқару арқылы бала жағымсыз әдет, жақсы қасиеттерді ажырата білуге үйренеді. Жаман нәрселерден аулақ болады. Осылайша

жан-жақты тәрбиеленген бала бар жаттаған, оқыған, естіген, білгендерін өмірде орынды қолдана білуге болатынын айтып өтті.

«Ана, әже және мен» сырттай байқауына қатысып, жақсы нәтиже көрсеттік. 8-наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар жақсы ұйымдастырылды.

Шешім: 1. Күн тәртібі қатаң сақталсын

2. 8-наурыз халықаралық әйелдер күніне арналған іс-шаралар «жақсы» деп бағалансын.

3. 22-наурыз мерекесі жоғары деңгейде өтті деп есептелсін

Әдістемелік кеңес төрайымы : *Абишева Г* Абишева Г

Хатшы: *Жанелова А.А.* Жанелова.А.

Әдістемелік кеңес отырысы хаттама № 14

20.05.2023 ж

Тақырыбы: «Жылдық оқыту мен тәрбиелеу»

Жүргізілу түрі: пікір-талас.

Әдістемелік кеңес төрайымы: Әдіскер Г.Абишева.

Хатшы: А.Жанелова.

Қатысқаны: 13 педагог

Күн тәртібінде:

1. Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Жылдық оқу жоспар міндеттерінің орындау туралы қорытынды.
3. Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер
4. Ағымдағы мәселелер

Тақырыбы: Жылдық оқыту мен тәрбиелеу жүргізілу түрі: пікір-талас.

Тыңдалды:

Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

Сөйледі: Абишева Г

Әдіскер: 22-наурыз шаралары «өте жақсы» деңгейде өткізілді. Жақсы ұйымдастырылған, барлық педагогтар нәтиже шығарып, ізденіп, сахналық қойылым, билер билетіп, балаларға керемет әсер қаларлықтай болды. Балалар наурыз, наурыз көже, ұлттық киіммен, ұлттық салт-дәстүрлер туралы өз мәнінде мағлұмат алды.

Шешім: өткен әдістемелік кеңес отырысы шешімі «өте жақсы» деп танылсын.

2. Тыңдалды: Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау, балаларды тәрбиелеу жұмысы ең алдымен отбасында қаланып, сонан кейін балабақшада жалғасын табатыны белгілі.

Бүгінгі жас жеткіншектердің болашағы-балабақшада берілген білім мен тәрбиені қалыптастыру әр педагогтың қолында.

Бөбекжайда 75 бала тәрбиеленуде.

Балаларға тәлім-тәрбие беруде арнаулы орта және жоғары білімді, педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеушілер жұмыс жасайды. Балабақшада 3 топ мемлекеттік тілде жұмыс жасайды.

Әрбір топтағы оқыту мен тәрбие беруде үйретуде жаңа технология әдіс-тәсілдерімен ойын түрлері арқылы, күні бойы жүргізіліп, өз нәтижесін беруде. Бес дағды бойынша жұмыс жасау нәтижелер беруде.

Оқу-тәрбие жұмысын жақсартуда педагогикалық кеңестер, тәрбиешілерге кеестер беріледі.

«Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілік ойлауын ойындар мен жаттығулар арқылы дамыту» атты семинар-практикум қараша айында «Балабақшада заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру ерекшелігі» атты семинар-практикум сәуір айында өткізілді. Онда педагогтар өзара іс-тәжірибелерімен бөлісіп, әдістемелік көмек алды.

Ақпан айында әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес, «Балабақша, ата-ана, тәрбиеші бірлігі-саналы ұрпақ кепілі» ашық есік апталығы өткізілді. Апталық «өте жақсы» деп бағаланды.

2023-2024 оқу жылында жылдық оқу жоспарына сай жұмыстар жүргізілді, -деді.

Шешім: жылдық оқу жоспарының орындалуы «жақсы» деп танылсын.

Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер.

Сөйледі әдіскер: Г.Абишева: 2024-2025 оқу жылында тәрбиешілердің білім жетілдіру жұмыстарын әлде де жандандыру үшін тәрбиеленушілерге заман талабына сай білім мен тәрбие беру мақсатында жаңаша білім мазмұнына сай құжаттарды толық, дұрыс тотыруды үйрену қажет.

2024-2025 оқу жылына мынандай негізгі бағыттар алынды. Балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту. Балалардың коммуникативтік, танымдық, эмоционалды-әлеуметтік, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру


Міндеттері:

МДҰ дейінгі тұлғаларды бәсекеге қабілетті тәрбиелеу мақсатында физикалық дамытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу. Отбасы мен бөбекжай екі жақты бірлесіп, балалардың сөздік қорын қалыптастыру құралы ретінде дидактикалық ойындар мен жаттығуларды қолдануға жағдай жасау. Жазғы-сауықтыру іс-шаралар жоспары талқылап, бекіттіру. Балалардың денсаулығын нығайту және өмір қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз ету үшін оңтайлы жағдай жасау. Жаз мезгіліндегі балалардың дамуы мен сауықтыру шаралары туралы ата-аналармен бірлесіп жұмыс жасау.

Шешім етеді:

1. Өткен оқу жылы «жақсы» деп бағалансын.
2. Жазғы сауықтыру іс-шаралары жоспарын талқылап, талдап, бекітілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  Г.Абишева

Хатшы:  А.Жанелова